

Мақат ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 1 наурыздағы № 81-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 наурызда № 5144-06 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2026 жылғы 23 маусымдағы № 231-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 23.06.2026 № 231-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3 бабының 5-тармағына сәйкес , Мақат аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мақат ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Мәслихат төрағасы

А. Шангалаев